

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮСІН ӨНЕРІН ЖАҢҒЫРТУ: ФОРМАЛАРЫ МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Санат Байсынов¹, Нұрбақыт Бокебаев²

^{1,2}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Зерттеудің өзектілігі Қазақстанның заманауи өнерінің серпінді дамуымен тығыз байланысты. Мүсін өнері ұлттық дәстүрмен сабақтастығын сақтай отырып, жаңа материалдарды, технологиялар мен тұжырымдамаларды белсенді игеруде. Жаһандану жағдайында бұл үдерісті зерттеу дәстүрлі өнердің мәдени бірегейлігін жоғалтпай, оны әлемдік үлгілерге бейімделу жолдарын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақала қазақстандық мүсін өнеріндегі инновациялық идеялар, тәсілдер мен материалдардың өзгеруіне баса назар аудара отырып, Орта Азияның посткеңестік өнері саласындағы зерттеулердің жалғасы болып табылады. Зерттеудің мақсаты – дәстүрлі өнер, инновациялық материалдар және технологиялар арасындағы байланысты талдай отырып, қазақ мүсін өнерінің заманауи формаларының ерекшелігін анықтау. Зерттеу міндеттері: мүсін формаларының классикалық үлгілерден жаңа инновациялық шешімдерге қарай өзгерісін зерделеу; көшпелі мәдениет дәстүрінің заманауи көркемдік шешімдерге әсерін зерттеу; қазақстандық мүсіншілер туындыларындағы жаңа технологиялардың (3D-модельдеу, сандық басып шығару) және материалдардың (металл, композиттер) рөлін талдау; жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейліктің өнердегі көрінісін анықтау. Заманауи қазақ мүсін өнері дәстүрлі өнер мен инновациялық көркемдік тәжірибелер арасындағы үйлесімді байланысты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сырлыбек Бекботаев, Данияр Сарбасов, Зулқайнар Қожамқұлов, Талғат Жұмағұлов және Бағдат Сарсен сияқты шеберлер халықтың ғасырлар бойы жинақталған рухани және материалдық мәдениетін заманауи түсініктемелер мен көркемдік тәсілдер арқылы бейнелеп, ұлттық бейнелеу өнерін жаһандық контексте дамытуға үлес қосады. Олардың шығармаларында еліміздің тарихи оқиғалары, көрнекті тұлғалары, дәстүрлі орнамент пен ұлттық тұрмыстық элементтер заманауи пластикалық тілмен үйлесім тауып, өнердің шығармашылық шекараларын кеңейтеді. Тарихи мұра мен заманауи технологиялардың синтезі негізінде қалыптасқан «көшпелі кезеңнен кейінгі өнерге деген көзқарастың» аспектілерін анықтау – ғылыми жұмыстың маңызды тұжырымы. Ал, бұл өз кезегінде қазақ мүсін өнерінің өзіндік даму жолын әлемдік өнер контекстінде анықтауға мүмкіндік береді. Мақала заманауи мүсін өнерінің қазақстандық даму жолын талдап, ондағы жергілікті дәстүрлерді өнердің қалыптасқан әмбебап формаларына

сәтті интеграциялаудың үлгісін әлемдік сахнаға ұсыну туралы пікірталасқа үлес қосады. Зерттеу материалдары Азия елдерінің өнеріндегі дәстүрлер мен инновациялардың өзара әрекеттесуін зерделейтін өнертанушыларға, кураторларға және суретшілерге, сондай-ақ мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттейтін мамандарға пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: қазіргі заманғы мүсін, қазақстандық өнер, көркемдік тәжірибелер, дәстүрлер мен инновациялар, мәдени бірегейлік қоғамдық кеңістіктер, өнердегі сандық технологиялар, өнер және жаһандану, мәдени мұра.

Дәйексөз үшін: Санат, Байсынов және Бокебаев, Нұрбақыт. «Қазақстанның мүсін өнерін жаңғырту: формалары мен тұжырымдамалары». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №2, 2025, 293–317 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i2.949

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Мүсін — өнер түрі ретінде ғасырлар бойы қоғамдағы мәдени, әлеуметтік және технологиялық өзгерістерді өзінің көркем бейнесі арқылы жеткізіп, әр уақытта өзгерістерге ұшырап отырды. Дәстүрлі мүсін өнері көп жағдайда тас, қола мүсіндермен және ағашты көркемдеп өңдеумен байланысты болса, заманауи мүсін өнері жаңа пішіндерге, материалдар мен мағыналарға ие. Заманауи мүсін классикалық өнер қағидаларының шеңберінен шығып, кеңістік, жарық, дыбыс және тіпті виртуалды әлеммен тәжірибе жасайтын өнер алаңына айналды.

Мүсіннің заманауи пішіндері мен түрлерін зерттеудің өзектілігі жаңа көркемдік тәжірибелерді түсіну қажеттілігінен туындайды. Олар өнердің шекарасын ғана емес, мүсіннің қоғамдағы рөлі туралы дәстүрлі түсініктерді де кеңейтеді. Жаһандану мен сандық жүйеге жаппай көшу үдерісі жағдайында мүсін өнері эстетикалық қабылдаудың объектісіне ғана емес, сонымен бірге күрделі идеяларды білдіруге және көрерменмен түбегейлі жаңа деңгейде өзара әрекеттесуге қабілетті байланыс құралына айналады.

Елдің мәдени ландшафтын қалыптастырудағы мүсін өнерінің рөлін оқырман мен көрермен назарына ұсыну — ғылыми мақаланың өзектілігі мен құндылығын арттырады. Жаһандану мен сандық технологиялар дамыған дәуірге көшу жағдайында мүсін өнері көркемдік идеяларды жеткізу құралы түрінде ғана емес, сонымен қатар дәстүр мен инновация, халық пен әлем арасындағы диалог құралына айналады. Сонымен қатар, мүсін өнеріндегі өзекті бағыттарды зерделеу арқылы Қазақстан шеберлерінің әлеуметтік шиеленіс, экологиялық мәселелер және сандық трансформация сияқты негізгі әлемдік үрдістерге өзіндік бірегей шығармашылық тәсілдерімен жауап бере отырып, ұлттық мүсін өнерін жаһандық контексте дамытудағы алғашқы қадамдарын байқаймыз.

Ғылыми мақаланың мақсаты — заманауи мүсін пішіндерін, олардың ерекшеліктерін және көркемдік үдеріс аясындағы орнын, Қазақстандағы мүсін өнерінің инновациялық даму бағыттарын талдау.

Ұлттық дәстүр мен жаһандық үдерістер арасындағы диалог нәтижелері заманауи мүсін туындыларын қалыптастыруға жол ашты. Сонымен қатар, мүсін өнерінің заманауи пішіндерін зерделеу

қазақстандық суретшілердің әлеуметтік, экологиялық және технологиялық өзгерістерді қоса алғанда, уақыт талабына қалай жауап беретінін байқауға мүмкіндік береді.

Қазақстан мүсін өнерінің қазіргі заманғы пішіндерін зерделеу бұл өнер түрінің ғасырлар бойы даму жолдарын анықтап қана қоймай, оның әлемдік көркем мәдениеттің дамуына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Мақала қазіргі қазақстандық қоғамдағы мүсін өнерінің рөлін және оның болашақ өнерді қалыптастырудағы әлеуетін тереңірек түсінуге бағытталған.

Қазақстанның заманауи өнері, соның ішінде мүсін өнері — дәстүрлер мен инновацияларды біріктіретін бірегей құбылыс. Ұлттық мәдениет пен ел тарихы жаһандық үрдістермен үйлесіп, ерекше көркем тілді қалыптастыру жолында. Заманауи мүсін өнері — елдің бай мәдени дәстүрін сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ретінде жеткізетін, жаһандану кезеңінде әлемнің озық жетістіктерін ұтымды қолданатын өнер түрі. Оның ерекшелігі — ХХІ ғасыр мүсіншілерінің жан-жақтылығында. Бір жағынан мүсін шеберлері ұлттық тарих пен дәстүрді терең құрметтесе, екінші жағынан оны әлемдік көркемдік жетістіктермен ұтымды үйлестіреді.


Жоғарыда аталғандай, заманауи мүсін өнері жаһандық құбылыс ретінде қоғам өміріндегі мәдени, әлеуметтік және саяси өзгерістерді бейнелейтін көркемдік тәжірибелердің кең ауқымын қамтиды. Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің кеңістігінде бұл — тарихи кезеңдердің үздік тәжірибесін бойына жинақтап, ұлттық дәстүрлердің сақтаушысына айналған, мәдени мұраларды дүниеге әкелумен қатар жаһандану дәуірінің озық әдіс-тәсілдерін меңгерген бірегей ерекшеліктерге ие үдеріс. Мүсін туындыларын жасаудың жаңашыл тәсілдері мүсіншілерге терең мәдени және әлеуметтік идеяларды жеткізуге мүмкіндік беретін жаңа

әдістермен, заманауи материалдармен байытылған.

Қазақ мүсін өнері тарихи тұрғыдан халықтың дәстүрлі көшпелі өмірімен байланысты пайда болып дамығандықтан, шеберлер көбіне тас, қола және ағаш сияқты табиғи материалдарды кеңінен қолданған. Данияр Сарбасов, Сырым Мүсіреп, Талғат Жұмағұлов, Бағдат Сарсен, Сырлыбек Бекботаев сияқты заманауи мүсіншілер бұл дәстүрлердің тарихи сабақтастығын одан ары жалғастырып, жаңаша идеяларды ұсынатын туындылар жасау арқылы өткен мен келешектің арасында көпір тұрғызуда. Мүсіншілер өз өнерінің жетістіктерін бүгінгі заманның талабы мен талғамына сай бейімдеп, өнердің дамуының келесі сатысына көшеді.

Қазақстандық заманауи мүсінші Сырлыбек Бекботаев өзінің темірден жасалған өнер туындысын қазақтың ұлттық киіміне арнады. «Қара шапан» атты туындысы қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін көрерменге паш ету мақсатында орнатылған. Адамға сый ретінде шапан тарту ерекше құрметтің белгісі. Осы дәстүрді заманауи тәсілмен және материалдармен халық жадында мәңгі сақтау жолында еңбек еткен шебер, жаһандану үдерісіне берік тосқауыл қоюда. Халықтың ұлттық дәстүрлерін инновациялық жолдармен жаңғырту бүгінгі күн талабы. Осы жолда Зұлқайнар Қожамқұлов, Сырлыбек Бекботаев сияқты заманауи мүсіншілер өз жұмыстарында металды, әйнекті және тіпті бетонды да пайдаланады. Бұл материалдар көрермендердің назарын өзіне аудартып, динамикалық пішіндерді жасау арқылы әсерлі келеді. Ал, Асхат Ахмедьяров, Ануар ШаймергенOV сынды шеберлер өз туындыларын жасауда жарықты қолданып, көрермендер қиялына қанат бітіретін инсталляциялар жасайды.

Мүсіннің заманауи пішіндері көбінесе ұлттық кодты жаңғырту, халықтық бірегейлікті сақтау, Қазақстандағы



№1 сурет. Сырлыбек Бекботаев «Қара шапан»
(2023 жыл)

әлеуметтік өзгерістерді бейнелеу тәсілі ретінде қызмет етеді. «Алып дала» сияқты мүсіндер тұрақты даму мен мұраны сақтау мәселелеріне назар аударта отырып, мәдени бірегейлік пен экология тақырыбын қозғайды.

Қазақ өнеріндегі заманауи мүсін туындыларын зерделеу арқылы Қазақстандағы мәдени өзгерістерді, сол үдерістерге өнердің ықпал ету рөлін жақсы түсінуге болады. Мақала аясында Қазақстанның заманауи мүсін өнерінің ерекшеліктері, оның бастаулары мен әлемдік үрдістермен өзара байланысы зерттеледі.

Заманауи өнер (*ағылш.* contemporary art) XX ғасырдың II-ші жартысынан бүгінгі күнге дейінгі шығармашылықтың әртүрлі нысандарын қамтиды. Бүкіл әлемде ол шеберлердің өз ойларын туындыларда білдіру еркіндігімен, мүсін өнерінде жаңа материалдар мен технологияларды қолданумен және туындылардың басты тақырыбы ретінде өткір әлеуметтік мәселелер мен ұлттық мәдениеттің басымдығымен сипатталады. Қазақ халқының мәдениеті аясында заманауи мүсін өнері ұлттық код пен инновациялық көркем пішіндердің синтезі болып табылады.

Әдістер

Қазақстан мүсін өнерінің заманауи даму үдерісін зерттеу үшін кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Бұл зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістердің үйлесімді комбинациясы

пайдаланылып, мәселені толық қамтуға мүмкіндік берді.

Бірінші кезекте, мүсін өнерінің даму тарихын жан-жақты талдау мақсатында тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақ мүсін өнерінің келесі негізгі даму кезеңдері анықталды:

- Көшпелі дәстүр кезеңі;
- кеңестік дәуір;
- тәуелсіздік алған жылдар мен

қазіргі заманғы кезең.

Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен өзара байланыстары ашық көрсетілді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс қазақ мүсін өнерінің Орталық Азия елдері мен халықаралық өнер үдерістерімен байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы қазақ мүсін өнеріндегі жергілікті дәстүрлер мен жаһандық үрдістердің өзара әсері айқындалды.

Зерттеу барысында морфологиялық талдау әдісі қолданылып, мүсін өнеріндегі пішіндердің эволюциясы жан-жақты қарастырылды. Дәстүрлі материалдар (ағаш, металл) мен қазіргі заманғы композитті материалдардың қолданылу ерекшеліктері, сондай-ақ олардың көркемдік әсер ету құралы ретіндегі рөлі талданды.

Стилистикалық талдау әдісі арқылы қазақ мүсін өнеріндегі көркемдік тілдің өзгеру үдерісі, оған ұлттық орнамент пен қазіргі заманғы абстракциялық формалардың әсері зерттелді. Бұл әдіс авторлардың жеке қолтаңбаларын анықтауға және олардың шығармашылық тұрғыда даму үдерісін бақылауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде семиотикалық талдау әдісі де маңызды рөл атқарды. Мүсіндердің символдық мазмұны мен мәдени кодтары шешілді, олардың қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі анықталды. Бұл әдіс арқылы мүсіндердегі ұлттық бірегейлік пен жаһандық құндылықтардың синтезі талданды.

Эмпирикалық деңгейде келесі әдістер қолданылды:

Тікелей бақылау әдісі арқылы Астана, Алматы қалаларындағы қоғамдық кеңістіктерде орналасқан мүсіндердің қалалық ортамен үйлесімділігі зерттелді. Суретке түсіру және фотофиксация әдістері арқылы мүсіндердің кеңістіктік орналасуы, пропорциялары және материалдық қасиеттері айқындалды. Мамандармен сұхбаттарды талдау негізінде қазіргі заманғы қазақ мүсін өнерінің даму үрдістері және оның қоғамдық қабылдануы туралы деректер жиналды.

Зерттеу барысында қолданылған әдіснамалық тәсілдердің кешенділігі қазақ мүсін өнерінің заманауи даму үдерісін толық жан-жақты зерттеуге, оның формалық және концептуалдық өзгерістерін анықтауға, сондай-ақ болашақ даму перспективаларын болжауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Қазақстанның мүсін өнері бай тарихқа ие. Ол әртүрлі мәдени, тарихи және әлеуметтік факторлардың әсерінен үнемі даму үстінде. Оның негізгі стилистикалық бағыттары мен ағымдарын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Оларды көшпелілердің дәстүрлі өнері, кеңестік дәуірдегі мүсін өнері, посткеңестік кезең мен қазіргі заманғы өнер деп жеке-жеке қарастырған жөн.

Ұлы дала аумағын мекендеген көшпелі тайпалардың мәдениетімен үндес болған сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының материалдық мәдениеті ерте темір дәуірінде өз шыңына жетті. Архаикалық өнерге тән аң стиліндегі жануарлардың (бұғылардың, барыстардың, қасқырлардың) бейнелері, көшпенділердің мифологиялық және тотемдік сенімдерін байқататын сәндік бұйым ғана емес, сонымен қатар киелі қасиеті бар туынды. Шеберлердің жануарлар жанрына, аң стиліне, ұлы даланың мифологиясына жий жүгінуі, ұлттық дүниетанымның табиғи

тұжырымдамаларын көрерменге жеткізуі, көне пішіндерден мәнерлі заманауи мүсіндік пішіндерді қалыптастырудың жаңа тәсілдерін іздестіру қажеттілігінен туындайды.

Мүсінші Данияр Сарбасовтың анималистік жұмыстары кәсіби сыншылар мен көрермендердің назарын жиі өзіне аудартуда. Шебердің «Ашина туралы аңыз» (2015) атты ең танымал шығармасы мүсіндік композицияның үздік үлгілеріне жатады. Онда Данияр Сарбасов жануарлар жанрының мүмкіндіктерін, оның бейнелі-стилистикалық ауқымын, көрермендерге әсер етудің әртүрлі деңгейлерін көрсете білді.

Данияр Сарбасов түркі тотеміне айналған Ашина патшаның шығу тегі туралы аңыздан шыққан қасқырдың шынайы бейнесін Капитолий қасқырының бейнесімен ұқсастырып, классикалық тақырыптарды заманауи контекстте жаңғырту арқылы, постмодерндік көркемдік экспрессивтілік әдісін отандық мүсін өнеріне енгізуде. «Сананы жануарлар мүсінінің бейнесінен эпостық жырға аудару мәселесін мүсінші шығармашылық оймен, аң мен адамның дене байланысы, сыртқы агрессия және ішкі тыныштықты үйлестіру жолымен шешеді. Постмодерндік мүсін кез-келген аудиторияға қол жетімді. Біреуге ол мифологиялық сюжетті ашуға көмектессе, басқаларына әртүрлі ұқсас аңыздар, сілтемелер мен субтексттерді еске түсіруге жағдай жасайды».

Ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпалары аң стилін өнердің әртүрлі бағыттарында қолданып, өзінің көшпелі мәдениетіне тән ерекшелік ретінде қабылдады. Мүсіндер мен зергерлік бұйымдар көбінесе көшпенділердің мифологиялық және тотемдік сенімдерін танытатын жануарлар кейпінде сомдалған. «Әлкей Марғұланның айтуы бойынша меңгірлер аю мен түйені бейнелейді. Ең көп кездесетін меңгір — Бұғылы тауларынан



№2 сурет. Данияр Сарбасов шеберханасы.



№3 сурет. Данияр Сарбасов. Ашина туралы аңыз (2015).

(Шет ауданы) табылған аютас (каз. Аю-Тас) қазіргі уақытта шет археологиялық-этнографиялық мұражайында сақталған» (Ермоленко 21).

Есік және Берел обалары, Шілікті және Бесшатыр қорғандарындағы қазба жұмыстары кезінде табылған зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар мен құралдар сол кезеңдегі өнердің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетті және мүсін өнерінің қалыптасуына негіз болды.

Ерте орта ғасырларда түркі халықтары жасаған тас мүсіндер (балбалдар) жерлеу рәсімінің маңызды бөлігіне айналып, ата-бабаларды еске алу мен құрметтеудің символы ретінде танылды. Бұл антропоморфты фигуралар көшпелілердің арасында беделге ие жауынгерлер мен басшыларға арналып, обасының басына

қойылды. Балбалдар пішіндерінің нақтылығымен және композицияның қатандығымен ерекшеленді. Бұл олардың көшпенділер мәдениетіндегі семиотикалық маңыздылығын көрсетеді. Құлпытас, балбал, сандықтас «... туындының негізгі беті бедерлі оюлармен безендірілген қабір ескерткіштерінің шағын пішіндеріне жатады (Шайгозова 75).

Қазақ хандығы дәуірінде, яғни XV ғасырдан бастап, қазақтардың көркем шығармашылығы негізінен қолданбалы, ою-өрнек өнерімен ұсынылды. Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан әрбір туынды көшпелі өмірдің қажеттіліктерін өтеу үшін жасалған. Әрбір қазақтың киіз үйі қолданбалы өнердің жылжымалы мұражайы іспеттес болды. Ағашты өңдеу, зергерлік іс, қолөнердің көптеген түрлері қазақтардың бай материалдық және рухани әлемінен нәр алып, көркем тәжірибені байыта түсті. «Номадизм дәстүрін дүниежүзілік мәдени мұрамен үйлестіру кескіндеме, инсталляция, объект, спектакль, энвайронмент, видео-арт сияқты көптеген жеткізу арналары көмегімен жүзеге асырылды» (Резникова 65).

1991 жылы Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда мәдени мұраны жаңғырту және ұлттық бірегейлікті іздеу үдерісі басталды. Мүсінде бұл тарихи және этникалық тақырыптарға үндеуден көрініс тапты. Мүсіншілер қазақ батырларына, көрнекті тұлғаларға және ұлттық тарихи оқиғаларына арналған туындылар жасай бастады. Бұл кезеңді жаңа дәстүршілдік деп сипаттауға болады. Бұл туындыларда дәстүрлі сарындар заманауи өнер жетістіктерімен үйлесіп көрерменге жол табады.

Осы кезеңде ұлттық дәстүрлердің жаңғыруы, ұлттық кодтың дәріптелуі кеңінен қолға алынды. Мүсіншілер көшпелі мәдениетті, мифологияны және фольклорды терең зерделеп, ондағы бейнелерді өз шығармашылықтарында қолданды. Бұл ежелгі дәстүрлерді

заманауи техникамен үйлестіретін ерекше стиль жасауға мүмкіндік берді. Мысал ретінде Астана қаласындағы қазақ халқының бірлігі мен тарихи сабақтастығын бейнелейтін «Қазақ елі» монументін келтіруге болады. Бұл ескерткішті символдық реализмге жатқызуға болады. Монументтің пішіні және мазмұны терең идеялар мен құндылықтарды жеткізуге тырысады.

Шығармашылық бостандықты жария еткен Тәуелсіздік қазақстандық мүсін өнерінде абстракционизм, минимализм және концептуализм сияқты заманауи ағымдарды да тарата бастады. Заманауи мүсін туындыларында авангардизм, абстракция және постмодернизм элементтері айқын көрінді. Мүсіншілер дәстүрлі мотивтерді заманауи әдістермен үйлестіре отырып, пішіндермен, материалдармен және технологиялармен тәжірибе жасап, өнердегі жаһандық үрдістерді көрсететін инновациялық туындылар жасауда. Мысалы, ассамбляж мен кинетикалық элементтерді қолдану қазіргі заманғы мүсіннің ерекшелігіне айналды. «Әлемдік өнердің жетістіктерін өзінің шығармашылық ойы мен пішіндерді тану мүмкіндігі негізінде көрерменге жеткізудің әсері модернистік ағымдардың дизайн қағидаттарына негізделген өзіндік орындау тәсілі арқылы жүзеге асырылады. Мұнда композиция физикалық түрде түпнұсқаға «көшіріледі» (Шарипова 118)

Қазақстан қалаларында қалалық ортаның маңызды ортасына айналатын заманауи мүсіндер пайда болды. Олар көбінесе сәндік немесе символдық сипатқа ие өнердегі заманауи үрдістерді танытады. Тәуелсіз Қазақстанның жас мүсіншілері биопластика және эко-материалдар сияқты эксперименттік материалдар мен технологияларға жол бере отырып, инновациялық жұмыстарды жасауға мүмкіндік беретін жаңа материалдарды (металл, шыны, пластик) және технологияларды (3D-модельдеу, лазерлік кесу) пайдаланады. Олардың

қатарында Айдос Буркитбаев, Тимур Ермухамбетов, Бахытбек Мухаметжанов т.б. да бар. Сол буын өкілдерінің басым көпшілігі дәстүрлі қазақ мотивтерін жаһандық үрдістермен ұтымды үйлестіре алған. Нәтижесінде Қазақстан көрермендері арасында ғана емес, шетел сыншыларын да тәнті еткен бірегей туындылар дүниеге келуде.

Тақырып пен идеяны анықтау мақсатында мүсіншілер белгілі шеберлердің туындыларын зерделейді, пішіндер мен материалдар арқылы шығармашылық эксперименттер жүргізеді. Мүсіншілердің өзі туындыларын сомдауда кеңістіктің салмақсыз күйіне, пластикалық экспрессивтілікке қол жеткізуге тырысады. «Қазақтардың қазіргі заманғы өнерінде композицияны құрудың негізі ретінде Қазақстанның этномәдени мұрасынан алынған архетиптік мотивтер мен мифологиялық бейнелер пайдаланылады. Заманауи мүсіншілер өз шығармаларында архаикалық өнер элементтерін кеңінен қолданады, археологиялық және этнографиялық зерттеулерге ерекше назар аударады» (Крыкбаева 5).

Өнердің бұл түрі стильді таңдау барысында реалистік үрдістерден абстрактілі және жартылай абстрактілі пішіндерге дейін айтарлықтай әртүрлілікпен сипатталады. Сонымен қатар, мүсіншілер әртүрлі материалдарды қолданып, үнемі ең үздік туындыларды жасауға тырысады.

Қазіргі заманғы шеберлер жаңа көркемдік үрдістердің қалыптасуына кеңінен ықпал етуде. Олар өз туындыларында реалистік пластика дәстүрлерін қайта қарастыру арқылы, ұлттың материалдық және рухани дүниесін жетік түсіну тарихи мұраға деген заманауи көзқарасқа және уақыт талаптарына тәуелді екенін дәлелдейді. Заманауи мүсін өнерінде жаңа бейнелерді сомдау жолында инновациялық материалдар мен құрылымдық-

пластикалық жүйелерді пайдалану мүмкіндігін анықтайтын технологиялық әдістер мен стильдер қалыптасады.

«XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың басы Қазақстанда жаңа үрдістердің, пішіндер мен көріністердің көптігімен ерекшеленді. Дегенмен, осындай алуан түрлі шешімдерге қарамастан, басты назарды визуалды бейнелерге аудару үнемі өзгеріссіз қалады. Соңғысы кейде тіпті ішкі мазмұнға үстемдік етеді» (Надирбеков 8). Замануи қазақстандық мүсіншілер металды, тасты, ағашты, тіпті пластик пен композиттер сияқты жаңа материалдарды пайдалана отырып, абстрактілі пішіндермен тәжірибе жасайды. Мұндай тәжірибе нәтижесі ірі халықаралық биеннале мен көрмелерде орын алып, экология, урбанизация және мәдени бірегейлік тақырыптарын жиі қозғауда.

XXI ғасыр мүсін өнерінің ерекше бір стиліне айналған стимпанк та қазақстандық шеберлер арасында өз орнын алуда. Қазақстанның заманауи мүсіншілерінің стимпанк стилін қолдануы елдің заманауи бейнелеу өнеріне жаңа реңк әкелді. Бұл бағыттың үрдістерін қазақстандық мүсіншілер Зұлқайнар Қожамқұлов пен Алиби Мергеновтың инсталляцияларынан байқауға болады. Авторлардың стимпанк стилінде жасаған осындай туындыларын «қайта пайдалану» немесе эко-өнер деп атауға болады.

Зұлқайнар Қожамқұлов — қазақ мәдениетінің дәстүрлі мотивтері мен заманауи көркемдік тәсілдерін шебер ұштастыра білген танымал қазақстандық мүсінші. Оның шығармашылығы Қазақстанның қазіргі заманғы өнер кеңістігінде маңызды орын алып, мүсіндік туындылары елдің қалалық келбеті мен мәдени мұрасының ажырамас бір бөлігіне айналды. Қожамқұлов өз мүсіндерінде жылқы мен қасқыр бейнелерін, ою-өрнектерді, қазақ мәдениетімен байланысты көшпелі тұрмыс

элементтерін жиі пайдаланады. Шебер көне мотивтерді заманауи пішіндермен шебер үйлестіріп, ерекше туындылар жасайды. Зұлқайнар Қожамқұловтың «Мерген» мүсіні — мүсіншінің ерекше стилі мен ұлттық мәдениетпен терең байланысын көрсететін жарқын туындыларының бірі.



№4 сурет. Зұлқайнар Қожамқұлов «Мерген» (2017)

«Мерген» сөзі қазақ тілінен «атқыш» немесе «аңшы» деген мағына береді. Бұл қазақ даласында жоғары бағаланатын көшпелі мәдениеттің дәстүрлі тұрмыс тіршілігі мен соғыс өнеріне деген сілтеме. «Мерген» күш, ептілік және табиғатпен байланысты үйлестіретін адамды бейнелейді. Бұл көшпелі халықтар өмірінің маңызды бөлігі болған аңшының немесе жауынгердің дәстүрлі бейнесі. Мүсін Қожамқұловтың шығармашылығына тән еркіндік пен сыртқы әлеммен байланыс рухын жеткізеді.

«Мерген» — мүсіншінің шығармашылығында кезекті шебер

туынды. Өз туындыларында мүсінші адамның табиғатпен, тарихпен және мәдениетпен байланысын айқындайды. Оның мүсіндері көбінесе ұлттық мақтаныштың символына айналып, Қазақстанның бай мұрасын әлемге паш етеді. «Мақсатым: мүсіннің мәні мен міндеттеріне жаңа көзқараспен қарау. Өнердің күшінің арқасында темірді туынды ретінде қабылдануына жол ашу.... машинаның қозғалысында жұмыс істейтін ескі бөлшектер қазір мүсін қажеттіліктерін өтеуде. Міндетім — біздің заманымыздың мәнін жеткізу, мүсін өнерінің келбетін жоғалтпай жаңа шығармашылық ойды білдіру» (Дуспулова 4).


Расымен, XXI ғасыр Қазақстанның мүсін өнері дәстүрлі білім сабақтастығын сақтай отырып, шығармашылық жолында жаңа көкжиектерді ашқан, заман талабына сай дамып жатқан кезең. Замануи мүсіншілер жаңа материалдарды (металл, шыны, пластик), технологияны (3D модельдеу, лазерлік кесу), озық идеяларды белсенді қолдана отырып, күрделі, әрі бірегей туындыларды жасауға мүмкіндік алуда. Мысалы, Ергали Бекешев («Құрманғазы мен Дина», «Алдар көсе»), Талғат Жұмағұлов («Бетпе бет», «Өзен»), Данияр Сарбасов («Еркіндік»), Санжар Досмағамбетов («7УЯТОFF» сериясы) сынды мүсіншілердің жұмыстары тек заманауи материалдардың өнердегі қолданысын ғана емес, сонымен бірге ұлттық дәстүрлерді сандық технологиялар заманы контекстінде жаңаша түсіндірудің инновациялық үлгілерін көрсетеді. Бұл үдерісті дәстүрлі әдістер инновациялық тәсілдермен үйлесетін технологиялық синкретизм деп атауға болады.

Талғат Жұмағұловтың шығармашылығында ұлттық мәдениеттің терең философиялық негіздері заманауи пластикалық өрнек формаларымен ұштасып, дәстүр мен инновацияның тамаша үйлесіміне қол жеткізеді. Шебер өз туындыларында

ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік сезімін көркемдік тұрғыдан ұсынады. Мысалы, «Он и она» атты шығармада концептуалдық идеяны толық жеткізу мақсатында негізгі композицияны үш бөлікке бөліп, әрқайсысында ғашықтық сезімнің әртүрлі сатысын көрсетеді. Бірінші бөлім — ер мен қыз баланың бір-біріне деген сезімінің жаратылыс сәтін бейнелейді. Екінші бөлімде — рухани байланыстың күшеюі байқалады. Үшінші бөлімде екі адамның тағдырының біртұтас өмірге қосылу философиясы пластикалық тілмен ашылады. «Бұл махаббаттың соңғы кезеңі — мызғымас махаббат. Әр композицияның өзіндік түс реңктері бар. Біртұтас композиция ретінде бұл туынды ерекше өмір жолын, дамуды, ерлі-зайыптылардың сезімдерінің өзгеруін білдіреді» (Гулиев).

Талғат Жұмағұлов — мүсінді «көрнекі поэзияға» айналдыратын шебер. Жаһандану дәуірінде ол Қазақстанның мәдени бірегейлігіне жаңа көзқарасты қалыптастырып, ұлттық код пен өнердің әмбебап тілі арасындағы тепе-теңдікті ұстанады.

XXI ғасыр ақпараттық қоғамның биік шыңы, адам өмірі салаларының заманауи технологиялар ықпалына түскен уақыт. Бұл дәуірде өнердің жаңа түрлеріне негізделген көркемдік синтездің сапалық тұрғыдан жаңа пішіндері пайда болуда. Дәстүрлі көркемдік пішіндер түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жаңаша көзқараспен қайта қарастырылу үстінде. Аталмыш өзгерістер қалалық мүсін өнерін де айналып өткен жоқ. Тұғырға орнатылған мүсіндердің қатары қала кеңістігін өзіндік шынайылығымен түрлендіретін, жаяу жүргіншілермен тікелей байланысқа түсетін заманауи өнер объектілерімен толықты. Белгілі бір стильге сай сомдалған немесе абстрактілі мүсіндер өз бойына шығармашылық қызметтің әрқилы түрлерін жинақтаған. Мұнда көрермен дизайнның да, сәулет өнерінің де, көркем өнер мен медиа өнердің де жетістіктерін байқай алады.



№5 сурет. Талғат Жұмағұлов «Бетпе-бет», «Қосылу», «Тартылыс» (2021)

Қазіргі заманғы мүсін өнерінің маңызды бағыттарының біріне айналған урбанистік өнер қала өмірімен тығыз байланысқан. Қазақстан қалаларында арт-ландшафттың бір бөлігіне айналатын және эстетикалық және әлеуметтік функцияны орындайтын мүсіндер пайда болуда. Мысалы, Алматы мен Астана қалаларында мәдени әртүрлілік пен ел дамуының динамикасын көрсететін заманауи мүсіндер орнатылған. Бұл туындыларда өнерді қоғамдық кеңістікте өз орнын тауып, паблик-арттың бір құрамдас бөлігіне жататын қоғамдық өнерге жатқызуға болады.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы мүсіншілер этникалық сарындарға, ұлттық рухани және материалдық мәдениетке белсенді түрде жүгінеді, оларды жаһандық мәдени үдерістер аясында түсіндіреді. Бұл Қазақстанда да, шетелде де үлкен сұранысқа ие туындылар жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық көркемөнердің дамуында дәстүрлі құндылықтар мен заманауи үрдістерді үйлестіре білген шеберлердің ішінде Бағдат Сәрсен ерекше орын алады. Оның шығармашылығы ұлттық мәдениет пен жаһандық өнер арасындағы диалогты нығайтатын эстетикалық көпір ретінде танылады. Шебердің туындыларында

дәстүрлі тәсілдер мен инновациялық шешімдердің үндестігі арқылы Қазақстанның рухани мұрасы жаңаша мағынаға ие болады.

«Тор-адам» атты композициясында автор пандемия кезеңіндегі адамзаттың психологиялық күйін терең философиялық мағынада бейнелейді. Торлы конструкцияның шектеулі кеңістігінде орналасқан фигура — бұл қиындықтарға қарамастан, жарық болашаққа деген сенімді бейнелейтін күрделі метафора.

Бағдат Сәрсеннің «Өмір қайығы» атты туындысы да осы концепцияны жалғастырады, мұнда адам өмірінің өтпелілігі мен тұрақтылығы туралы экзистенциалды ойлар пластикалық форма арқылы жеткізіледі. Осы екі шығарма да автордың қоғамдық-тарихи процестерді өнердің тілімен түсіндіре білу қабілетін айғақтайды.

Жоғарыда аталып өткендей, Қазақстанның заманауи мүсін өнері көшпенділердің дәстүрлі өнері мен кеңестік мәдениеттің ықпалының әсерінен қалыптасты. Егер халықтың зергерлік өнері, ағашты көркемдеп өңдеу өнері, мүсіндеу өнері табиғатпен, көшпелі өмір салтымен байланысты байқатса, кеңестік дәуір кезеңінде өнердің академиялық мектебі қалыптасып,



6 сурет. Бағдат Сарсен «Тор-адам» (2020)

батыстық мәдениеттің ықпалы мүсін өнерінің дамуына өзінің терең ізін қалдырған болатын.

Жалпы алғанда, заманауи мүсін өнеріне тән ерекшеліктер қатарына ұлттық бірегейлікке деген беталыс, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға деген талпынысты жатқызуға болады. Тәуелсіздік кезеңінен бергі уақытта көптеген отандық мүсіншілер ұлттық тарихты зерделеуге, мәдени мұра мен ұлттық сәйкестік тақырыптарын зерттеуге көп көңіл бөлуде. Оның себебін кеңестік кезеңнің идеологиялық шырмауында болған қазақ мәдениеті мен өнерінің рухани жаңғыруына деген халықтың ықыласы, талпынысы, сағынышынан көруге болады. Тарихтың терең қойнауында жатқан бай материалдық және рухани мәдениетті тұтастай жаңғырту мәселелері соңғы онжылдықтардағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарының біріне айналды. Тарихтың әрбір кезеңін мүсіншілер батырлар мен тарихи тұлғалар келбеті

арқылы сомдап, халық жадында тарихи сананы қалыптастыруда. «...тарихи тұлғалар тарихи жадыны сақтаушылар, қоғамды тоқырау мен бейберекеттіктен қорғайтын мәдени кейіпкерлер. Жеке тұлғаларды дәріптеу арқылы тарихты визуализациялау үрдісі жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи тұлғаларға арналған монументтер қазақ жерінің тұтастығын бейнелеп қана қоймай, оны қорғау міндетін де атқарады» (Шарипова 289).

Заманауи мүсін өнеріне тән тағы бір ерекшелікті заманауи технологияларды қолданудан көруге болады. Көрнекі инсталляциялар, мультимедиа және сандық платформалар Қазақстанның заманауи өнерінде маңызды рөл атқара бастауда. Заманауи технологиялар көрерменді белсенді диалогқа шақырып, қозғалмалы немесе интерактивті мүсіндер жасауға жол ашады. Мысалы, сандық технологиялар элементтері көмегімен жасалған инсталляциялар немесе мүсіндер. Жарық инсталляциялары мен мүсіндер — Қазақстанда да белсенді дамып келе жатқан заманауи өнердің ең жарқын және серпінді бағыттарының бірі. Мүсіншілердің шығармашылық идеяларынан туындаған жұмыстар көрнекі эстетиканы, технологияны және философиялық идеяларды біріктіріп, көрермендерге терең әсер қалдырады. Жарық — кеңістікті қалыптастыратын, елес тудыратын және пішіндерді өзгеше қабылдауға итермелейтін негізгі көркемдік элементке айналады. Бұл әсерге қол жеткізу мақсатында LED панельдер, неон түтіктері, проекторлар және лазерлер жиі қолданылады. Көптеген жарық инсталляциялары көрерменнің дене қозғалысына, дыбысына немесе қолмен тұртуіне жауап беріп, оны композицияның белсенді қатысушысына айналдырады. Мұндай жарық инсталляциялары қалалық ортада, ғимараттарда немесе табиғи ландшафт аясында орналастырылып, олардың әсер ету әлеуетін арттыра

түседі. «Дэн Флавин, Джеймс Таррелл, Карлос Круз Диез сынды өнер тұлғалары жарық тұжырымдамасын жасауда алғашқылардың бірі саналды. Мүсіншілер жарық көмегімен бейнелерді эмоционалды-символдық көркемдік қабылдау арқылы ұсынады» (Ковалёва 41).

Мүсін өнерінің қазіргі келбетін қалыптастыруға шеберлердің қолдарынан шыққан туындылардың тақырыбы да ықпал етеді. Өткір әлеуметтік-саяси мәселелер жаһандану үдерісінің қазақ мәдениетіне тигізген ықпалын байқатады. Еліміздің суретшілері мен мүсіншілері тарихи мұраны, философиялық, экологиялық мәселелерді және қазіргі заманғы әлеуметтік шиеленістерді белсенді түрде зерттейді. Заманауи қазақстандық мүсіншілер өз туындыларында ұлттық бірегейлік және мәдени мұра, тәуелсіздік және ұлттық жаңғыру, табиғат және экология, урбанизация және қалалық орта, философия және руханият, әлеуметтік және саяси мәселелер, жаһандану және мәдениеттер диалогы сияқты тақырыптарды көтереді. Мәселен, «Өзара байланыс: өнер сұхбаты» атты бірінші халықаралық мүсін биенналесінің зерделеу тақырыбы мүсінді өнер түрі ретінде танумен қатар, оның сан қырлы дәстүрлік және заманауи бәсекелестік емес бірін-бірі толықтырғыш ерекшеліктерін қарастыруға арналады. Биенналеге белгілі еуропалық Contemporary art суретшілері қатысты. Қазақстандық көреремен заманауи көркем шығармашылыққа сын көзбен қарағанымен, мүсіншілердің туындыларымен танысу арқылы өздерінің бейнелік сезім көкжиегін кеңітуде. «Қазақстандық Contemporary art-тың аға буын өкілі Георгий Трякин — Бухаров бұл жолы өзінің треш-панк стиліндегі өнерін жалғастыра келіп арғымақ рәмізін әсірелей, авторлық стеб» — дейтіндей айғыр мүмкіндігін айшықтайтын «Мустанг» кинетикалық инсталляциясын

көрмеге қойған. Осы заманғы өнер ерекшелігінің кең тараған түрі ажуа-мысқыл байқататын шығармалар легін Шамиль Гулиев жалғастырады. Оның мүсінге де, инсталляцияға да жатқызуға болатын «Магомедке карап келе жатқан тау» және «Винсент» (Вангогқа арналған) арт-нысандары соның айғағындай, әзілді астарлай түсірген оның материалы — өзбектің қыш құмыраларының сынықтарынан жасалған образдар географиядан мағлұмат берумен қатар көрерменге қазақты тәржімалап тұрған сияқты» (Жубанова 131).

Қазақ мүсін өнерінің жаңашыл даму жолдары мен батыс еуропалық постимпрессионизм ықпалының әсерінен туындайтын мүсін дәстүрлерін Павел Гуляев, Сергей Артюхановтың шығармашылықтарында байқауға болады. Рустам Хальфин болса сәл өзгеше, авангардтық бейімі мен этнографиялық белгілері бар жаңа толқынды дамытуда. Тәуелсіздік сыйлаған шығармашылықтың қиялының самғауын Алмагүл Меңлібаева сияқты мүсіншілердің жұмыстары жалғастыруда. «...дамудың жеделдетілген қарқыны қысқа тарихи кезеңде Қазақстан өнерін халықаралық мәдени кеңістікке шығарған өзіндік стилистикалық-бейнелік сипаттамалары, дамудың ерекше жолы және өзінің көрнекті шеберлері бар қазақстандық бейнелеу өнері мектебін құруға мүмкіндік берді» (Ахметова 21).

Ұлттық идея — қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының тұжырымдамалары мен ұғымдарын өз туындыларында, инсталляцияларында және перформанстарында белсенді қолданатын мүсіншілер қатарына Нұрлан Далбай, Алмагүл Меңлібаеваларды жатқызуға болады. Олардың жұмыстары көбінесе дәстүрлі мотивтерді заманауи көркемдік әдістермен үйлестіреді. Туған халқының тарихына, оның әдет-ғұрыптарына, өмір салтына үндеу, ХХІ ғасырда Қазақстанның заманауи мүсін өнеріне тән ерекшеліктерінің біріне айналды.

Өнердің негізгі үрдістерінің бірі — өткенді ең алдымен мифологиялық көзқарас арқылы түсіну арқылы тарихизмге жүгіну. «Өткенді жаңғырту» — «архаизация» үдерісінде өткен дәуірдің әртүрлі рәміздері көркем шығармалар кеңістігінде үйлесімді орнығады (Кенбай 78).

Замануи мүсін өнерінің пішіндерінің трансформациясына ықпал еткен бағыттар мен стильдерге келетін болсақ, XIX—XX ғасырлардың басында пайда болған модернизм қазіргі заманауи мүсін өнерінің көптеген бағыттарының бастау бұлағына айналды. Осы кезеңдегі мүсіншілер классикалық үлгілерден бас тартуға және өз-өзін танытудың жаңа жолдарын іздеуге тырысты. Модернизм стиліндегі мүсіндер пішіндердің динамикасы мен аумалығымен, нәзік сызықтар мен силуэттердің шебер үйлесуімен ерекшеленеді. Модерн кезеңінің мүсіндеріне түзу сызықтар мен бұрыштардан бас тартып, табиғи пішіндерді қайталау еркіндігі тән.

Модернизмнің негізгі ағымдарының бірі — кубизмді ұсынған Пабло Пикассо, Александр Архипенконың туындылары пішіндердің геометриялануымен, бөлшектенуімен және көп қырлы болуымен сипатталады.

Мүсіндегі абстракционизм XX ғасырдың ортасында дами бастағанымен, XXI ғасырда Константин Бранкузи және Барбара Хепуорт сияқты шеберлер пішіндерді ықшамдауға және нақты бөлшектерден айырылған әмбебап бейнелерді қалыптастыруға тырысты. Мысалы, Бранкузидің «Кеңістіктегі құс» атты әйгілі туындысы пішін мен үйлесімділіктің тазалығына деген ұмтылысты көрсетеді.

1960 жылдары пайда болған минимализм абстракционизмнің логикалық жалғасына айналды. Дональд Джадд пен Карл Андре сияқты минималистер қарапайым геометриялық пішіндер мен өндірістік материалдарды қолданып, объект пен кеңістіктің өзара әрекеттесуін көрсететін мүсіндер жасады.



№7 сурет. Константин Бранкузи (1876-1957) - «Кеңістіктегі құс» (1912-1940)

1950 жылдары пайда болған поп-арт мүсін өнеріне бұқаралық мәдениет пен коммерциялық өнер элементтерін әкелді. Клас Олденбург және Джефф Кунс сияқты мүсіншілер күнделікті тұтыну заттарынан, жарнамалардан және танымал бейнелерден шабыттанып, өз туындыларын жасады. Олденбургтің алып гамбургерлер мен балмұздақ туындылары, қазіргі заманның сипатына айналған тұтынушылық мәдениетті ирониямен жеткізеді.

XX ғасырдың соңында пайда болған постмодернизм модернизмге тән қатаң ережелерден бас тартумен сипатталады. Мүсінде бұл бағыт стильдердің араласуынан, тарихи аллюзияларды қолданудан және өнерге ирониямен қараудан көрінеді. Джефф Кунс және Маурисио Каттелан сияқты шеберлер жиі сынға ұшырайтын және

көрермендер арасында дау-дамай тудыратын туындылар жасайды. Мысалы, Каттеланның «Америка туы» немесе «Метеориттен зардап шеккен Рим Папасы» сияқты мүсіндері сатира мен терең әлеуметтік тартыстар элементтерін біріктіреді.

«Қазақстандық мүсінші және қыш шебері Эдуард Казарянның «Қарсы қозғалыс» көрмесі Шығыс пен Батыстың, Дала мен Теңіздің түйісу нүктесін анықтауға арналған. «Отбасы және құс» (2008), «Ұлыммен» (2008) сынды күрделі тоқылған қола туындылар мен иероглифтер бір қарағанда салмақсыз, әрі көлемсіз болып көрінеді. Қола — шебердің сүйікті көркем материалдарының бірі, оны таңдауы кездейсоқ емес. Мүмкін, өз жұмысында Еуразияның ежелгі арийлерінің көркемдік дәстүрін жалғастыра және дамыта отырып, Эдуард Казарян қазіргі мүсін өнерінің генетикалық тұрғыдан қаншалықты жоспарланғандығын көрсетеді. Өз туындыларында Эдуард Казарян Еуразияның ежелгі арийлерінің көркемдік дәстүрін жалғастыра және дамыта отырып, қазіргі Қазақстанның мүсін өнері болашағының генетикалық тұрғыдан күні бұрын анықталғанын байқатады» (Шайгозова 288).

Жаңа технологиялар мен көрерменге суретші идеясын жеткізудің жаңа пішіндерімен толыққан кезеңде инсталляция өнері жетекші бағытқа айналды. Кеңістікпен және көрерменмен өзара әрекеттесетін инсталляция қазіргі уақытта кең таралған. Олафур Элиассон және Аниш Капур сияқты мүсіншілер кеңістік пен уақытты қабылдауды өзгертетін ауқымды инсталляциялар жасауда. Сонымен қатар, 3D басып шығару және сандық модельдеу сияқты заманауи технологиялар мүсіншілер үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Дэвид Крейг пен Ник Эрвинк сияқты шеберлер бұл технологияларды дәстүрлі әдістерді қолдану мүмкін болмаған кезеңде, күрделі және егжей-тегжейлі туындылар жасау үшін пайдаланады.

Озық технологиялар мен инновациялық материалдар мүсін өнерінің қазақстандық және ортаазиялық алаңына да жетіп, мүсіншілердің туындыларын түрлендіруде. Қазақстан мен Орта Азия елдерінің (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан) заманауи мүсін өнері ұқсас мәдени және тарихи контексттерде дамығанымен, өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл айырмашылықтар мен ұқсастықтар ұлттық дәстүрлерге, кеңестік мұраның әсеріне, сондай-ақ қазіргі жаһандық үрдістерге байланысты. Қазақстан мен Орта Азияның заманауи мүсінін бірнеше негізгі аспектілер бойынша салыстыруға болады. Егер қазақстандық мүсіншілер көшпелі тұрмыс-тіршілікке, батырлар мен тұлғалардың бейнелеріне, аң стиліне баса назар аударса, көрші Өзбекстан елінде отырықшы мәдениетке, ислам діні тақырыптарына, түрік мифологиясына жүгінуді мақсат етеді. Әрине Орта Азия елдері мен Қазақстанда Кеңестік дәуірден қалған көптеген ескерткіштер бар болғанымен, қазіргі таңда олар ұлттық символдармен біртіндеп алмастырылуда. Қазақстандық мүсіншілер өз туындыларын жасауда көп жағдайда заманауи технологиялар мен материалдарды қолданса, Орта Азия шеберлері қыш, ағаш, тас сияқты дәстүрлі материалдарды таңдайды. «Жергілікті мүсіншілер дәстүрлі мотивтер мен тақырыптарды сақтай отырып, өз шығармашылығына заманауи үрдістер мен әдістерді енгізе бастады. Өзбек мүсіншісі Абдулла Ахмедовтың шығармашылығы — Орталық Азия өнеріндегі дәстүрлі және заманауи синтездің жарқын мысалдарының бірі» (Сулайманова 110).

Абдулла Ахмедов — Өзбекстанның заманауи өнерінде маңызды орын алатын әйгілі өзбек мүсіншісі. Ол өз шығармаларында дәстүрлі мотивтер мен заманауи көркемдік тәсілдерді үйлестіре білген ұлттық мүсін мектебінің өкілі. Ахмедов өзбек

мәдениетінің элементтерін, мысалы, ою-өрнектерді, тарихи тұлғалардың бейнелерін және мифологиялық сюжеттерді өз туындыларында белсенді түрде қолданады. Оның жұмыстары Өзбекстанның сәулет, қолөнер және фольклорын қоса алғанда, елдің бай мұрасынан шабыт алады. Мүсінші қола, мәрмәр, ағаш және қыш сияқты әртүрлі материалдармен жұмыс істейді. Ол дәстүрлі материалдарды өңдеу әдістерін заманауи технологиялармен шебер үйлестіреді.

Қазақстан мен Орта Азия елдерінің заманауи мүсін өнері дәстүрлер мен инновациялардың бірегей үйлесімі болып табылады. Бұл үйлесімдік мәдени мұраны сақтау жолында ғана емес, әлемдік үрдістерден қалыспай, батыс өнерімен терезі тең туындылар жасауға мүмкіндік береді. Орта Азия елдерінің шеберлері өздерінің ата-бабаларының тарихы мен ұлттық рәміздерін ұмытпай, заманауи материалдар мен технологияларды қолдану арқылы өзін-өзі танытудың жаңа тәсілдерін ойлап табуда.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның заманауи мүсін өнері — дәстүрлерді сақтай отырып, шығармашылық үшін жаңа көкжиектерді аша отырып, өткен мен болашақ арасында көпір бола алатын өнер түріне айналуға. Мүсін өнері мәдени мұраны қазіргі әлемдік үрдістермен тығыз байланыстыра отырып, дамудың жаңа сатысына көтерілуде. Әрбір жаңа туынды мүсін өнеріне жаһандық көркем мәдениеттегі өз орнын анықтауға жол ашады.

Дискуссия

Қазақ өнеріндегі мүсіннің қазіргі заманғы пішіндерін зерттеу — Орталық Азия мен өзге өңірлердегі мүсін және заманауи өнердің даму үдерістерін талдауға арналған бірқатар ғылыми еңбектермен салыстыра қарауға болатын маңызды бағыт. Бұл салыстырмалы тәсіл мұн өнеріндегі аймақтық ерекшеліктер мен

жаһандық үрдістердің өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақалада дәстүрлі мотивтерді заманауи мүсін түрлеріне ендірудің маңыздылығы көрсетілген. Өзбекстан мен Қырғызстан сияқты Орталық Азияның басқа елдерінде жүргізілген зерттеулерде осы үрдіс кеңінен етек жайып, отандық мүсін өнерінің дәстүр мен инновацияны ескере дамығандығын көрсетті. Заманауи өнерде ұлттық ою-өрнектер, мифологиялық сюжеттер мен табиғи бейнелер белсенді қолданылады. Мысалы, өзбек мүсіншілерінің Носирходжа Фатхуллаевтың «Сақтаушы», «Егіздер», Жасвант Акназардың «Авиценна», «Адамдар-бөшкелер» инсталляциясы сияқты жұмыстары дәстүрлер мен инновацияларды біріктіруге ұқсас көзқарасты танытады. Алайда, қазақ мүсіні 3D-модельдеу сияқты заманауи технологияларды неғұрлым белсенді қолданумен ерекшеленеді, бұл оны өңірлік контексте бірегей етеді.

Қазақ мүсін өнерінде сандық технологияларды қолдану Еуропа мен Ресейдің заманауи өнері туралы жазылған мақалаларында сипатталған жаһандық үрдістермен үндеседі. Мысалы, батыстық мүсіншілердің шығармашылығына бағытталған зерттеулер, сонымен қатар 3D басып шығару мен сандық модельдеудің маңыздылығын көрсетеді. Алайда, қазақ өнерінде бұл технологиялар ұлттық мәдени кодтармен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Ал, бұл өз кезегінде дәстүрлі және заманауи өнердің бірегей синтезін жасайды.

Мақалада келтірілген мүсіннің болашағы туралы болжамдар сандық жүйеге көшу дәуіріндегі өнердің дамуына бағытталған зерттеулермен үндеседі. Мысалы, Эльмира Ахметова, Дильяра Шарипова, Ербол Қайранов, Айнүр Кенджакулова сынды отандық ғалымдардың заманауи өнер туралы мақалалары, жаңа технологиялар мен

материалдардың мүсін сомдаудағы маңыздылығын байқатады. Алайда, қазақ контекстінде мәдени мұраны сақтауға баса назар аударылады. Ал, бұл болжамдарды бірегей етеді.

Бұл мақаланы басқа ғылыми зерттеулермен салыстыру қазіргі заманғы қазақ мүсін өнерінің жаһандық үрдістер аясында дамып келе жатқанын, сонымен бірге ұлттық мәдениетпен терең байланысы арқылы өзіндік бірегейлігін сақтап отырғанын көрсетеді. Осы ерекшеліктер оны аймақтық және халықаралық өнер контекстінде одан әрі зерттеуге және талқылауға лайықты маңызды нысанға айналдырады.

Негізгі тұжырымдар

Қазақстанның мүсін өнері дәстүрлі пішіндер мен заманауи тәжірибелердің негізінде дамудың жаңа кезеңін бастан кешіріп жатыр. Тарихи тұрғыдан қазақстандық мүсін өнері көшпелі мәдениеттің бай мұрасы мен кеңестік көркемдік мектебінің ықпалында қалыптасты. Алайда, посткеңестік кезеңде мүсін өнерінің дамуына ықпал еткен факторлар түбегейлі қайта қарастырылды, нәтижесінде пластикалық өнерде жаңа парадигмалар пайда болды.

Тәуелсіздік кезеңі кеңестік дәуірдегі монументалды-идеологиялық мүсіндерден күрделі және көпқырлы бейнелеу өнеріне өтумен сипатталады. Бұл процесс өнердегі ұлттық бірегейлікті жаңғырту идеяларымен тығыз байланысты болды. Атап айтқанда, көшпелі мәдениеттің бай дәстүрлеріне жүгіну, сәндік мұра мен мифологиялық тақырыптарды қайта жаңғырту басым болды. Қазіргі қазақстандық мүсіншілер осы дәстүрлі элементтерді жаһандық заманауи өнер үлгілерімен үйлестіріп, дәстүр мен инновацияның үйлесімді синтезін құруда.

Соңғы онжылдықта мүсін өнері бірыңғай мемлекеттік идеологиядан алшақтап, еркін тақырыптағы туындыларды дүниеге әкелуде. Дәстүрлі

материалдармен (қола, мәрмәр, ағаш) қатар мүсіншілер заманауи материалдарды пайдаланып, өз жұмыстарына жаңа технологияларды (3D-басып шығару, сандық модельдеу) енгізуде. Көптеген авторлар мүсін мен инсталляция аясында жұмыс істеп, қоршаған ортада күрделі кеңістіктік нысандар жасауда.

Стилистикалық тұрғыдан қатаң минимализмнен бастап күрделі постмодернистік композицияларға дейінгі кең ауқымды бағыттар қамтылған. Қазіргі қазақстандық мүсін өнері көшпелі мәдениеттің көне бейнелеріне сүйену арқылы ұлттық ерекшелік пен тарихи тақырыптарды қамтып, қоғамның заманауи мәселелерін көтереді. Сонымен қатар, заманауи мүсін жаһандық көркемдік үрдістердің ықпалын да сезініп, экология, урбанизм және гендерлік теңдік сияқты тақырыптар аясында дамиды.

Рухани жаңғыру аясында қазіргі қазақстандық мүсін өнерінің даму үрдістерін айқын көрсететін мүсіншілердің шығармашылығы зерттеуге лайықты. Осы қатарда Талғат Жұмағұлов, Бағдат Сарсен, Зұлқайнар Қожамқұлов және Данияр Сарбасов сияқты белгілі шеберлердің есімдерін атауға болады. Олардың туындыларын талдау арқылы Қазақстандағы заманауи мүсін өнерінің негізгі даму бағыттарын анықтай аламыз.

Қазақстан мүсін өнерінің болашағы бірнеше негізгі бағыттармен анықталады. Біріншіден, бұл сандық технологияларды (VR және AR), интерактивті объектілерді құруды қамтитын технологиялық инновацияларды тереңдету. Екіншіден, қайта өңделген материалдарды пайдалану мен экологиялық тұрақтылық мәселелерін қозғайтын экологиялық тәсілдерді дамыту. Үшіншіден, ұлттық ерекшелік пен жаһандық көркемдік контекст арасындағы тепе-теңдікті сақтау, бұл қазіргі заманғы өнердегі глокализация үрдісіне сәйкес келеді.

Осылайша, Қазақстан мүсін өнерінің жаңғыру үдерісі дәстүрлі формалар мен заманауи көркемдік тәжірибелердің үйлесімді синтезі арқылы жүзеге асырылуда. Бұл процесс ұлттық және жаһандық, дәстүрлі және инновациялық аспектілердің күрделі өзара әрекеттестігімен сипатталады. Нәтижесінде бұл үдеріс жаһандық мәдени кеңістікте қазақстандық өнердің өзіндік пластикалық тілін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның заманауи мүсін өнерінің дәстүр мен инновацияның үйлесімді байланысы негізінде дамып келе жатқанын айқын көрсетеді. Данияр Сарбасов, Зұлқайнар Қожамқұлов, Бағдат Сарсен және Талғат Жұмағұлов сияқты көрнекті шеберлердің шығармашылығын талдау арқылы бұл өнер түрінің дамуын анықтайтын негізгі үрдістер анықталды. Біріншіден, ұлттық өзіндік ерекшеліктер тотемдік бейнелер, ою-өрнектер және тарихи сюжеттер заманауи көркемдік әдістер арқылы қайта жаңғыруда. Екіншіден, 3D-модельдеу, лазерлік кесу және 3D-басып шығару сияқты сандық технологиялардың енуі мүсін өнерінің мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар мүсін жасау процесінің өзін трансформациялауда, уақытты үнемдеуде және күрделі жобаларды жоғары дәлдікпен іске асыруға жағдай жасауда. Үшіншіден, экологиялық тұрақты даму үрдістерін қолдау арқылы жаһандық үрдістерге бейімделуде және өнердің жаңа экобағдарламалық трендтерін қалыптастыруда. Бұл қайта өңделетін материалдарды пайдалануды, табиғи мотивтерді заманауи мүсіндерге енгізуді және өнер туындыларын жасауда экологиялық сананы насихаттауды қамтиды.

Стимпанк бағытында мүсін жасаумен айналысатын шеберлер 3D-модельдеу

технологиясы арқылы дәстүрлі бейнелерді футуристік тәсілмен көрермен назарына ұсынады. Мүсіннің негізгі идеясы қалыптасқан тұста қолмен эскиз жасаумен қатар, Blender, ZBrush немесе Autodesk Maya сияқты бағдарламаларда 3D модельдеу жүзеге асырылады. Бұл күрделі механикалық құрылымдарды пысықтауға, мүсінді жасауға кіріспестен бұрын олардың пропорциялары мен функционалдығын тексеруге мүмкіндік береді.

Қазақ өнеріндегі мүсіннің заманауи пішіндерін зерттеу жаһандық және ұлттық мәдени үдерістер контекстінде өнердің осы түрінің дамуын сипаттайтын бірқатар негізгі үрдістер мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Мүсін модернизмнен постмодернизмге, минимализмнен инсталляцияға дейін идеялар мен эмоцияларды білдірудің маңызды құралы болып қала береді. Қазіргі таңда бұл өнердің шекаралары кеңейіп, жаңа материалдар мен технологияларды енгізумен қатар, аудиториямен өзара әрекеттесу формалары да түрленуде.

Заманауи мүсін туындылары Халықаралық көрмелер мен биенналеге қатыса отырып, жаһандық көркемдік үрдістермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Бұл ретте ол ұлттық мәдениетпен және тарихпен байланысын таныта отырып, бірегейлігін сақтайды. Зұлқайнар Қожамқұлов, Данияр Сарбасов, Талғат Жұмағұлов, Бағдат Сарсен сияқты Қазақстандық заманауи мүсіншілердің туындыларын талдау олардың қазіргі заманғы өнердің дамуына қосқан үлесін көрсетті. Олардың шығармалары шеберліктің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар мәдени мұра мен заманауи үрдістердің үйлесімін жеткізді.

Осылайша, заманауи мүсін өнері дәстүрлер мен инновациялар үйлесімді байланыстырған, бірегей көркем тіл құра білген, қарқынды дамып келе жатқан сала болып табылады. Бұл зерттеу қазіргі

Қазақстан мүсін өнерінің даму үрдістерін түсінуге үлкен үлес қосады және одан

әрі зерттеулер жүргізу үшін негіз болып табылады.

Авторлардың үлесі

С. Байсынов – зерттеу тұжырымдамасының негіздемесі; зерттеулерді жоспарлау; салыстырмалы талдау жүргізу;

Н. Бокебаев – зерттеу нәтижелерін қорыту; қорытындыларды тұжырымдау; зерттеу нәтижелерін түсіндіру.

Вклад авторов

С. Байсынов – обоснование концепции исследования; планирование исследований;

Н. Бокебаев – проведение сравнительного анализа; обобщение результатов исследования; формулировка выводов; интерпретация результатов исследования.

Contribution of authors

S. Baisynov – substantiation of the research concept; research planning; comparative analysis;

N. Bokebayev - generalization of the research results; formulation of conclusions; interpretation of the research results.

Дереккөздер тізімі

Шарипова, Диляра, и др. «Интертекстуальность в современном искусстве Казахстана в аспекте культурной памяти». *Вестник Казахского национального женского педагогического университета*, №2, 2021, с. 179–190. <https://doi.org/10.52512/2306-5079-2021-86-2-179-190>

Ермоленко, Любовь, и Касенова Асемгуль. «Вклад А. Х. Маргулана в изучение Древней каменной скульптуры Центрального Казахстана». *Вестник Кемеровского государственного университета*, №3(59), Т.2, 2014, с. 20–23

Шайгозова, Жанерке, и Кульсариева Сабира. *Ремесла современного Казахстана*. Алматы, КазНИИК, 2023.

Резникова, Екатерина. «Интерпретация природного наследия в современном искусстве Казахстана». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 7, №3, 2022, с. 61–75. DOI: 10.47940/cajas.v7i3.607.

Ахметова, Эльмира. «Традиции классического искусства в аспекте формирования новых национальных школ изобразительного искусства (на примере скульптуры Казахстана)». *Общество. Среда. Развитие*, №1, 2015, с. 102–110.

Шарипова, Диляра и др. «Осмысление трагических моментов национальной истории в графике и монументальной скульптуре Казахстана». *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы*, № 1(81), 2020, с. 285–291.

Крыкбаева, Сара, и др. «Архетипы и образы казахской национальной культуры в творчестве современных художников», *Евразийский Союз Ученых (ЕСУ)*, №2(71), 2020, с. 4–7.

Надирбеков, Икрам и др. In Quest of Oneself: Cultural Identity in Modern Kazakhstan Sculpture Space. *Indian Journal of Science and Technology*, Vol 9(29), August 2016, DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i29/99459.

Дуспулова, Дина. «Стимпанк и поп-арт по-казахски». *Business FM*, 01 ноября 2023. <https://businessfm.kz/culture/zulhajnar-kozhamkulov-stimpanyk-i-pop-art-po-kazahski>. Дата доступа 15 февраля 2025.

Гулиев А. Абстракционисты и «зона комфорта». *Культура*. 2022. <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15770>. Дата доступа 10 апреля 2022.

Шарипова, и др. «Космос и культура» *Индия*, т. 6, № 2, 2018, с. 113–120.

Ковалёва, Надежда. Световая скульптура и инсталляция как опыт визуального события. *Минск-2018: История и теория искусств*, материалы 56-й Международной научной студенческой конференции. 2018, с. 41–42.

Жубанова, Гульнур, и Ербол Кайранов. «Трансформация современных научно-технических инноваций в казахстанской скульптуре (на основе зарубежного опыта)». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 6, № 4, 2021 г., с. 122–147, doi:10.47940/cajas.v6i3.402.

Ахметова, Эльмира. *Основные направления развития скульптуры Казахстана второй половины XX – начала XXI века*. 2015. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения, Санкт-Петербург, chrome-extension://efaidnbmnnpnibpcajpcglclefindmkaj/https://app.rusmuseum.ru/files/akhmetova_avtoreferat.pdf. Дата доступа 15 февраля 2025.

Кенбай, Жадигер. «Особенности развития современной скульптуры Казахстана». *Молодой ученый*, № 8.2 (112.2), 2016, с. 75–78. <https://moluch.ru/archive/112/28325/>. Дата доступа 16 февраля 2025

Шайгозова, Жанерке, и Сұлтанова, Мадина. *Қазақстан мәдениеттердің жақындасуы контекстіндегі Қазақстанның қазіргі заманғы өнері: жолдар мен ізденістер*. Еуразия қазақтары: тарих және мәдениет ғылыми еңбектер жинағы. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының баспасы, 2016.

Сулайманова, Севарахон. «Значение современного изобразительного искусства у народов Центральной Азии» *Восточный ренессанс: инновационные, образовательные, естественные и социальные науки*, т. 4, № 4, апрель 2024, с. 109–112.

References:

- Sharipova, Dilyara, i dr. «Intertekstual'nost' v sovremennom iskusstve Kazakhstana v aspekte kul'turnoj pamyatl». *Vestnik Kazakhskogo nacional'nogo zhenskogo pedagogicheskogo universitet*, №2, 2021, 179-190. <https://doi.org/10.52512/2306-5079-2021-86-2-179-190>. (in Russian)
- Ermolenko, Lyubov', i Kasenova Asemgul'. «Vklad A. KH. Margulana v izuchenie Drevnej kamennoj skul'ptury Central'nogo Kazakhstana». *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta*, №3(59), T.2, 2014, s.20–23. (in Russian)
- Shajgozova, Zhanerke, i Kul'sarieva Sabira. *Remesla sovremennogo Kazakhstana*. Almaty, KaZNIiK, 2023. (in Russian)
- Reznikova, Ekaterina. «Interpretaciya prirodnogo naslediya v sovremennom iskusstve Kazakhstana». *Central Asian Journal of Art Studies*, t. 7, No 3, 2022, s. 61–75. DOI: 10.47940/cajas.v7i3.607. (in Russian)
- Ahmetova, Ehl'mira. «Tradicii klassicheskogo iskusstva v aspekte formirovaniya novykh nacional'nykh shkol izobrazitel'nogo iskusstva (na primere skul'ptury Kazakhstana)». *Obshchestvo. Sreda. Razvitie*, №1, 2015, s.102–110. (in Russian)
- Sharipova, Dilyara i dr. «Osmyslenie tragicheskikh momentov nacional'noj istorii v grafike i monumental'noj skul'pture Kazakhstana». *Qazaq ulttyq qyzdar pedagogikalyk universitetining Khabarshysy*, № 1(81), 2020, s. 285–291. (in Russian)
- Krykbaeva, Sara, i dr. «Arkhetipy i obrazy kazakhskoj nacional'noj kul'tury v tvorchestve sovremennykh khudozhnikov», *Evrasijskij Soyuz Uchenykh (ESU)*, №2(71), 2020, s.4–7. (in Russian)
- Nadirkbekov Ikram i dr. In Quest of Oneself: Cultural Identity in Modern Kazakhstan Sculpture Space. *Indian Journal of Science and Technology*, Vol 9(29), DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i29/99459, August 2016. (in English)
- Duspulova, Dina. «Stimpank i pop-art po-kazakhskl». *Business FM [Almaty]*, 01 noyabrya 2023. Data dostupa 15 february 2025. (in Russian)
- Guliyev, A. Abstraksionisty i «zona komforta». *Kultura*. 2022. <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15770>. Data dostupa 10 aprelya 2022. (in Russian)
- Sharipova, i dr. «Kosmos i kul'turA» *Indiya*, t. 6, № 2, 2018, pp. 113–120. (in English)
- Kovalyova, Nadezhda. *Svetovaya skul'ptura i installyaciya kak opyt vizual'nogo sobytiya*. Minsk-2018: Istoriya i teoriya iskusstv, materialy 56-j Mezhdunarodnoj nauchnoj studencheskoj konferencii. 2018, s. 41–42. (in Russian)

Zhubanova, Gul'nur, i Erbol Kajranov. «Transformaciya sovremennykh nauchno-tekhnicheskikh innovacij v kazakhstanskoj skul'pture (na osnove zarubezhnogo opyta)». *Central Asian Journal of Art Studies*, t. 6, № 4, 2021 g., s. 122–147, doi:10.47940/cajas.v6i3.402. (in Russian)

Akhmetova, Ehl'mira. Osnovnye napravleniya razvitiya skul'ptury Kazakhstana vtoroj poloviny KHKH—nachala KHKHI veka. 2015. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata iskusstvovedeniya, Sankt-Peterburg, chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcgclefindmkaj/https://app.rusmuseum.ru/files/akhmetova_avtoreferat.pdf. Data dostupa 15 fevralya 2025. (in Russian)

Kenbaj, Zhadiger. «Osobennosti razvitiya sovremennoj skul'ptury KazakhstanA». *Molodoj uchenyj*, № 8.2 (112.2), 2016, s. 75–78. <https://moluch.ru/archive/112/28325/>. Data dostupa 16 fevralya 2025. (in Russian)

Shajgozova, Zhanerke, i Sultanova, Madina. *Qazaqstan madenietterding zhaqyndasuy kontekstindegі Qazaqstannıng qazirgi zamangy oneri: zholdar men izdenister. Euraziya qazaqtary: tarikh zhane madeniet gylimi enbekter zhinagy*. Pavlodar memlekettik pedagogikalyq institutynyng baspasy, 2016. (in Kazakh)

Sulajmanova, Sevarakhon. «Znachenie sovremennogo izobrazitel'nogo iskusstva u narodov Central'noj Azil» *Vostochnyj renessans: innovacionnye, obrazovatel'nye, estestvennye i social'nye nauki*, t. 4, № 4, aprel' 2024, s. 109–112. (in Russian)

Байсынов Санат, Бокебаев Нурбахыт

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

МОДЕРНИЗАЦИЯ СКУЛЬПТУРНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА: ФОРМЫ И КОНЦЕПЦИИ

Аннотация. Актуальность исследования обусловлена динамичным развитием современного искусства Казахстана, где скульптура, сохраняя связь с национальной традицией, активно осваивает новые материалы, технологии и концепции. В условиях глобализации изучение этого процесса позволяет понять, как локальное искусство адаптируется к мировым трендам, не теряя культурной идентичности. Данная статья является продолжением исследований в области постсоветского искусства Центральной Азии, уделяя особое внимание трансформации пластического языка в казахстанской скульптуре. *Цель исследования* – выявить специфику современных форм казахской скульптуры, анализируя их связь с традиционными мотивами, инновационными материалами и технологиями. *Задачи исследования:* проследить эволюцию скульптурных форм от классических канонов к новым инновационным решениям; изучить влияние традиции кочевой культуры на современные художественные решения; проанализировать роль новых технологий (3D-моделирование, цифровая печать) и материалов (металл, композиты) в творчестве казахстанских скульпторов; определить, как национальная идентичность проявляется в условиях глобализации арт-пространства. Современное искусство скульптуры играет важную роль в формировании гармоничной связи между традиционным искусством и инновационными художественными практиками. Такие мастера, как Сырлыбек Бекботаев, Данияр Сарбасов, Зулхайнар Кожамкулов, Талгат Жумагулов и Багдат Сарсен, вносят вклад в развитие национального изобразительного искусства в глобальном контексте, отражая многовековую духовную и материальную культуру народа через современную интерпретацию и художественные приемы. В произведениях мастеров исторические события, выдающиеся личности страны, национальный орнамент и элементы быта гармонично сочетаются с современным пластическим языком, расширяя творческие границы искусства. Важным итогом научной работы является выявление аспектов «подхода к искусству после кочевого периода истории», сформированного на основе синтеза исторического наследия и современных технологий. Это в свою очередь, позволяет определить собственный путь развития казахского искусства скульптуры в контексте мирового искусства. Статья вносит вклад в дискуссию о культурном разнообразии в глобальном искусстве, предлагая казахстанский путь развития современной скульптуры как пример успешной интеграции местных традиций в универсальный художественный контекст. Материалы исследования могут быть полезны искусствоведам, кураторам и художникам, изучающим взаимодействие традиции и инноваций в искусстве азиатских стран, а также специалистам по кросс-культурным исследованиям.

Ключевые слова: современная скульптура, казахстанское искусство, художественные практики, традиции и инновации, культурная идентичность общественные пространства, цифровые технологии в искусстве, искусство и глобализация, культурное наследие.

Для цитирования: Байсынов, Санат и Нурбахыт Бокебаев. «Модернизация скульптурного искусства Казахстана: формы и концепции». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №2, 2025, с. 293–317, DOI: 10.47940/cajas.v10i2.988

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Baisynov Sanat, Bokebayev Nurbakyt

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

MODERNIZATION OF SCULPTURAL ART IN KAZAKHSTAN: FORMS AND CONCEPTS

Abstract. The relevance of the research is due to the dynamic development of modern art in Kazakhstan, where sculpture, while maintaining its connection with the national tradition, actively develops new materials, technologies and concepts. In the context of globalization, studying this process allows us to understand how local art adapts to global trends without losing its cultural identity. This article is a continuation of research in the field of post-Soviet art in Central Asia, focusing on the transformation of plastic language in Kazakh sculpture. The *purpose* of the study is to identify the specifics of modern forms of Kazakh sculpture, analyzing their connection with traditional motifs, innovative materials and technologies. Research *objectives*: to trace the evolution of sculptural forms from classical canons to new innovative solutions; to study the influence of the tradition of nomadic culture on modern artistic solutions; analyze the role of new technologies (3D modeling, digital printing) and materials (metal, composites) in the work of Kazakhstani sculptors; to determine how national identity manifests itself in the context of the globalization of the art space. The modern art of sculpture plays an important role in forming a harmonious connection between traditional art and innovative artistic practices. Such masters as Syrlybek Bekbotayev, Daniyar Sarbasov, Zulkainar Kozhamkulov, Talgat Zhumagulov and Bagdat Sarsen contribute to the development of national fine arts in a global context, reflecting the centuries-old spiritual and material culture of the people through modern interpretation and artistic techniques. An important *result* of the scientific work is the identification of aspects of the «approach to art after the nomadic period of history», formed on the basis of a synthesis of historical heritage and modern technologies. This, in turn, allows us to determine our own path of development of the Kazakh art of sculpture in the context of world art. The article contributes to the discussion of cultural diversity in global art by offering Kazakhstan's way of developing modern sculpture as an example of successful integration of local traditions into a universal artistic context. The research materials may be useful to art historians, curators and artists studying the interaction of tradition and innovation in the art of Asian countries, as well as specialists in cross-cultural studies.

Keywords: contemporary sculpture, Kazakh art, artistic practices, traditions and innovations, cultural identity, public spaces, digital technologies in art, art and globalization, cultural heritage.

Cite: Baisynov Sanat, Bokebayev Nurbakyt. "Modernization of sculptural art in Kazakhstan: forms and concepts." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 2, 2025, pp. 293–317, DOI: 10.47940/cajas.v10i2.949

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:

Байсынов Санат — арнайы пән мұғалімі, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжі (Алматы, Қазақстан)

Бокебаев Нұрбақыт — ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Колледжінің директоры (Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Байсынов Санат — Преподаватель специальных дисциплин колледжа Казахской Национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0002-9199-6423

E-mail: baisynov77@mail.ru

Бокебаев Нурбахыт — Заслуженный деятель Республики Казахстан, директор колледжа Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0002-9199-6423

E-mail: bokebaevb@mail.ru

Information about the authors:

Baisynov Sanat — Lecturer of special disciplines, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts College (Almaty, Kazakhstan)

Bokebayev Nurbakhyt — Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, Director of the College of the Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)